

Халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарының кейбір санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы N 288 қаулысы Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 23 қаңтарда N 2512 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 62 қаулысымен.

Ескерту: Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 62 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27 бабына сәйкес және IV шақырылған облыстық мәслихаттың II сессиясының 2007 жылғы 10 қазандағы N 17-IV "III шақырылған облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 8 желтоқсандағы XXII сессиясындағы N 330-III "2007 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі негізінде облыс әкімияты қаулы етеді :

1. Азық-түлік тауарлары бағаларының көтерілуіне байланысты халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарының кейбір санаттарына: 1,2,3 топтағы мүгедектер мен 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақы алатындарға, ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатындарға 2007 жылғы қазан айынан бастап ай сайын 800 теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек төленсін.

2. Мыналар белгіленсін:

1) әлеуметтік көмекті тағайындап, төлеуді Атырау қаласы мен аудандар әкімияттарының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі - қалалық, аудандық бөлімдер) жүзеге асырады;

2) әлеуметтік көмек тоқсанға тағайындалып, ай сайын төленеді;

3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақы алатындарға әлеуметтік көмек олардың арыздары бойынша қалалық, аудандық бөлімдердегі құжаттар негізінде тағайындалып, төленеді;

4) 1,2,3 топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатындарға әлеуметтік көмек, зейнетақы және

жәрдемақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтың аумақтық құрылымдары ұсынған тізімдер негізінде қалалық, аудандық бөлімдермен тағайындалып, төленеді, кейбір жағдайларда көрсетілген санаттарға әлеуметтік көмек олардың арыздары негізінде тағайындалуы мүмкін;

5) бір уақытта бірнеше әлеуметтік көмек алуға құқығы бар тұлғаларға, көмек тек бір негіз бойынша төленеді;

6) әлеуметтік көмекті төлеу оны тағайындауға негіз жойылған сәттен бастап тоқтатылады.

3. Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтың облыстық филиалына ұсынылсын (келісім бойынша):

1) осы қаулының 2-тармағы 4 тармақшасында көрсетілген санаттарға жататын тұлғалардың тізімін әр айдың 20 күнінен кешіктірмей, жазбаша және электронды нұсқада қалалық және аудандық бөлімдерге тапсырсын;

2) қалалық, аудандық бөлімдердің сұраныстары бойынша әлеуметтік көмекті төлеумен байланысты қажетті анықтамаларды, тізімдерді және басқа да құжаттарды уақтылы жолдауға.

4. Атырау қаласы және аудандар әкімдері жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен әлеуметтік көмектің уақтылы тағайындалуы мен төленуін қамтамасыз етсін.

5. Облыс әкімиятының 2007 жылғы 24 қазандағы N 248 "Әлеуметтік әлжуаз топтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысы жойылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Қайненовке жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Б. Рысқалиев